ББЖМ мақсаты:

бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейінде - сәйкес білім беру деңгейінің

шеңберінде білім алушылардың білім сапасын бағалау;

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингісі (ББЖМ) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз білім сапасын жүйелі үздіксіз бақылаудың бір түрі болып табылады.

Бастауыш, негізгі және орта білім беру ұйымдарында (4, 9 сыныптар) ББЖМ өткізу:

- мектептерде 4 және 9-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға, яғни білім мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға, сонымен қатар аналитикалық, логикалық ойлауды дамытуға бағытталатын болады;

ББЖМ мемлекеттік бақылау түрі болып саналмайды, білім алушы үшін де, білім беру ұйымы үшін де ешқандай құқықтық салдары болмайды. ББЖМ кезінде білім сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірленеді және әдістемелік көмек көрсетіледі.

ТЕСТІЛЕУ ФОРМАТЫ

4-сынып

Оқу сауаттылығы (қазақ, орыс)
Тест сұрақтары - 10

Математикалық сауаттылық:
Тест сұрақтары - 20

Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық:
Тест сұрақтары - 20

154 минут (2 сағат 34 минут)

10 минутқа дейінгі үзіліспен (студенттің қалауы бойынша) әрбір 25 минут сайын

9-сынып

Оқу сауаттылығы (қазақ, орыс, ағылшын)
Тест сұрақтары - 15

Математикалық сауаттылық:
Тест сұрақтары - 20

Жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылық:
Тест сұрақтары - 30

189 минут (3 сағат 9 минут)

10 минутқа дейінгі үзіліспен (студенттің қалауы бойынша) әрбір 35 минут сайын

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг

- ББЖМ-ның басты ерекшелігі оның білім беру саласындағы ұлттық мақсаттар мен стратегиялық міндеттерге қол жеткізу контекстінде мектеп оқушыларының оқу, математика және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша құзыреттілік деңгейі бойынша тұтас түсінік алуға бағытталғандығы.
- Мониторинг қорытындысы бойынша оның нәтижелеріне кешенді талдау жүргізіледі: аналитикалық есеп және елдің әрбір өңірі үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленеді.
- Мониторингтен кейінгі жұмыс төменгі нәтиже көрсеткен мектептерге атаулы әдістемелік қолдау көрсетуді көздейді.